

## Жәнібек ауданы бойынша жекелеген санаттағы азаматтар үшін жұмыс орнының квотасын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 16 сәуірдегі № 78 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 24 мамырда № 7-6-142 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 5 шілдедегі № 118 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 05.07.2013 № 118 қаулысымен**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыс берушілерге қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының жалпы санынан бір пайыз мөлшерінде квота белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р. С. Қарашинге жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*Б. Есенғалиев*